

**«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша  
білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі»**

**КММ-нің күнтізбелік-тақырыптық жоспарды тексеру туралы**

**АНЫҚТАМА**

Күні: 06 қаңтар 2026 жыл

Мақсаты: 2025–2026 оқу жылына арналған пәндер бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлардың (КТЖ) оқу бағдарламасына сәйкестігін және дұрыс құрылуын тексеру.

Тексеру барысында:

- Пәндер бойынша КТЖ-лар қаралды;
- Оқу бағдарламасына сәйкестігі сараланды;
- Сағат санының дұрыс бөлінуі тексерілді;
- Ұзақ мерзімді жоспармен сәйкестігі қарастырылды.

Тексеру нәтижесінде:

Пән мұғалімдерінің басым бөлігінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары оқу бағдарламасына сәйкес құрылғаны анықталды. Сабақ тақырыптары мен оқу мақсаттары жүйелі түрде жоспарланған. Сағат саны дұрыс бөлінген.

Кейбір пәндер бойынша (қажет болса нақтылаңыз) КТЖ-да ұсақ кемшіліктер анықталды.

- Оқу мақсаттарының толық көрсетілмеуі;
- Бағалау элементтерінің нақты жазылмауы;
- Ұзақ мерзімді жоспармен толық сәйкессіздік жағдайлары.

Қорытынды:



Жалпы алғанда, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар талапқа сай дайындалған.

- Ұсыныстар:  
КТЖ-ны оқу бағдарламасына толық сәйкестендіру;
- Оқу мақсаттарын нақты әрі толық көрсету;
- Бағалау түрлерін жүйелі жоспарлау;
- Мереке күндерін ескере отырып, оқу сағаттарын тиімді жоспарлау;
- №125 бұйрық талаптарына сәйкес ортақ және жеңіл тақырыптарды біріктіріп жоспарлау;
- Анықталған кемшіліктерді уақытылы түзету.

Анықтаманы

жасаған:

Қолы: \_\_\_\_\_



## ТҚ ЖУРНАЛДАРЫНЫҢ ЖҮРГІЗІЛУІ БОЙЫНША АНЫҚТАМА АНЫҚТАМА

Оқу процесінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында физика, химия, информатика, биология, технология және дене шынықтыру пәндері бойынша техника қауіпсіздігі (ТҚ) журналдарының жүргізілуі тексерілді.

Тексеру барысында төмендегілер анықталды:

1. **Физика пәні** бойынша ТҚ журналы бар, кіріспе және тақырыптық нұсқаулықтар уақтылы жүргізілген. Оқушылардың қолдары қойылған, журнал талапқа сай толтырылған.
2. **Химия пәні** бойынша ТҚ журналы жүргізіледі. Зертханалық жұмыстар алдында қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, оқушылар журналға қол қойған. Ескертулер жоқ.
3. **Информатика пәні** бойынша ТҚ журналы талапқа сәйкес жүргізіледі. Компьютерлік сыныптағы қауіпсіздік ережелерімен оқушылар таныстырылған, қол қою парақтары толтырылған.
4. **Биология пәні** бойынша ТҚ журналы бар, практикалық және зертханалық жұмыстарға арналған қауіпсіздік нұсқаулықтары жазылған, оқушылардың қолдары қойылған.
5. **Технология пәні** бойынша ТҚ журналы жүргізіледі. Құрал-жабдықтармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері толық түсіндірілген, журнал дұрыс рәсімделген.
6. **Дене шынықтыру пәні** бойынша ТҚ журналы бар. Сабақ басында қауіпсіздік талаптары түсіндіріліп отырады, журналға белгіленген тәртіппен жазбалар енгізілген.

Қорытынды: Аталған пәндер бойынша техника қауіпсіздігі журналдары Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында ТҚ талаптарына сәйкес жүргізілуде. Елеулі кемшіліктер анықталған жоқ.

Анықтама тексеру нәтижесі бойынша берілді.

28.01 2026 жыл

Тексерген:

Қолы:

А. Рамахан, Х. Хабраева

**«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша  
білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі»  
КММ-нің электронды журналдың толтырылу жағдайы туралы  
АНЫҚТАМА**

19.03.2026

2025–2026 оқу жылы барысында мектепте электронды журналдың (BilimClass платформасы) толтырылу жағдайына тұрақты түрде бақылау жүргізілді. Жүргізілген тексеру нәтижесінде электронды журналдың толтырылу деңгейі қанағаттанарлық және жақсы екені анықталды.

Мұғалімдер тарапынан сабақ тақырыптары, үй тапсырмалары, ағымдық бағалар және білім алушылардың сабаққа қатысуы бойынша мәліметтер BilimClass электронды журналында уақтылы әрі жүйелі түрде енгізіліп отырады. Кері байланыс беру жұмыстары да талапқа сай ұйымдастырылған. Сонымен қатар, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау БЖБ (бөлім бойынша жиынтық бағалау) және ТЖБ (тоқсандық жиынтық бағалау) арқылы оқу бағдарламасы мен нормативтік талаптарға сәйкес жүргізіледі. БЖБ және ТЖБ тапсырмалары оқу мақсаттарына негізделіп, бағалау критерийлері мен дескрипторлар арқылы объективті түрде орындалады. Бағалау нәтижелері белгіленген мерзімде электронды журналға енгізілген.

Қорытындылай келе, мектеп бойынша BilimClass электронды журналының уақытында толтырылып, жабылды. БЖБ және ТЖБ өткізу мен рәсімдеу үдерісі нормативтік талаптарға толық сәйкес келеді. Бұл бағыттағы жұмыстар тұрақты бақылауда.

Тексерген ДООЖО А.Рашатхан



**«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша  
білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі»**

**КММ-нің электронды журналдың толтырылу жағдайы туралы  
АНЫҚТАМА**

29.05.2026

2025–2026 оқу жылы барысында мектепте электронды журналдың (BilimClass платформасы) толтырылу жағдайына тұрақты түрде бақылау жүргізілді. Жүргізілген тексеру нәтижесінде электронды журналдың толтырылу деңгейі қанағаттанарлық және жақсы екені анықталды.

Мұғалімдер тарапынан сабақ тақырыптары, үй тапсырмалары, ағымдық бағалар және білім алушылардың сабаққа қатысуы бойынша мәліметтер BilimClass электронды журналында уақтылы әрі жүйелі түрде енгізіліп отырады. Кері байланыс беру жұмыстары да талапқа сай ұйымдастырылған. Сонымен қатар, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау БЖБ (бөлім бойынша жиынтық бағалау) және ТЖБ (тоқсандық жиынтық бағалау) арқылы оқу бағдарламасы мен нормативтік талаптарға сәйкес жүргізіледі. БЖБ және ТЖБ тапсырмалары оқу мақсаттарына негізделіп, бағалау критерийлері мен дескрипторлар арқылы объективті түрде орындалады. Бағалау нәтижелері белгіленген мерзімде электронды журналға енгізілген.

Қорытындылай келе, мектеп бойынша BilimClass электронды журналының уақытында толтырылып, жабылды. БЖБ және ТЖБ өткізу мен рәсімдеу үдерісі нормативтік талаптарға толық сәйкес келеді. Бұл бағыттағы жұмыстар тұрақты бақылауда.

Тексерген ДОДЖО А.Рашатхан



**«Ақмола облысы білім басқармасының  
Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі  
Шортанды кентінің № 3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
Оқушылардың тамақтануын тексеру қорытындысы туралы  
АНЫҚТАМА**

**Тексеріс мақсаты:** Ақпан айында мектеп асханасындағы тамақтану сапасын, санитарлық жағдайды және оқушылардың қамтылуын бақылау. Ақпан айындағы есеп бойынша мектепте барлығы **288 оқушы** ыстық тамақпен қамтылды. Оның ішінде:

- **Бастауыш сыныптар:** 182 оқушы;
- **5-11 сыныптар:** 106 оқушы.


Ақпан айында бекітілген графикке сай асхана қызметіне **2 рет** бақылау-тексеріс жұмыстары жүргізілді.

**Қорытынды және анықталған жағдайлар:**

Тексеріс барысында асхананың ішкі тәртібі мен тазалығы **жақсы** деңгейде екендігі анықталды, санитарлық талаптар сақталған. Алайда, тамақ сапасының жүйелі түрде дұрыс болмауына байланысты асхана жетекшілігі мен аспазшылар құрамына қатаң ескерту айтылды. Анықталған кемшіліктерді жою және тамақ сапасын шұғыл түрде талапқа сай ету міндеттелді.

**Анықтаманы жазған:** Мурат Замира

**Күні:** 27.02.2026 ж.



**«Ақмола облысы білім басқармасының  
Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі  
Шортанды кентінің № 3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ  
Оқушылардың тамақтануын тексеру қорытындысы туралы  
АНЫҚТАМА**

Мамыр айындағы жағдай бойынша мектептегі 182 бастауыш сынып оқушысы мен 106 жоғары сынып (5-11 сыныптар) оқушыларының (барлығы 288 бала) ыстық тамақпен қамтылу жүйесіне кешенді мониторинг жүргізілді. Оқу жылының көктемгі кезеңінде бекітілген график бойынша тексерістер ұйымдастырылды:

**Сәуір айында:** Ата-аналар тарапынан тамақ сапасына қатысты шағымдар (жалоб) түсті. Шағымдар негізінде сәуір айында асханаға толық тексеріс ұйымдастырылып, талапқа сай емес кезеңдер бойынша ескертулер жасалды. Сәуір айындағы соңғы қорытынды бақылау жұмыстары жүргізілді.


**Мамыр айында:** 2 рет қадағалау рейді ұйымдастырылып, бұған дейін жасалған ескертулердің орындалуы тексерілді.

**Негізгі нәтижелер:**

- 1. Ваучерлер мен брокерлік комиссия:** Сәуір-мамыр айларында оқушылардың барлығына электронды ваучерлер толықтай тағайындалды. Мамыр айында ваучерлік жүйе 100% толық қамтылып, тиісті брокераждық комиссия заңды түрде құралды.
- 2. Тамақ сапасы мен тәртіп:** Сәуір айындағы ата-аналардың шағымы мен ескертулерден кейін мамыр айында асханада тамақ сапасы ретке келтірілді. Асхананың ішкі тәртібі мен тазалығы тұрақты түрде жақсы деңгейде сақталып отыр.

**Анықтаманы жазған:** Мурат Замира

**Күні:** 15.05.2026 ж.



**«Ақмола облысы білім басқармасының  
Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі  
Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің  
мемлекеттік қызмет бойынша**

**АНЫҚТАМА**

**Мекеменің атауы:** «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімінің Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

**Есепті кезең:** 2025 жылғы ақпан айы.

**Қызметтің мазмұны:**

Аталған кезеңде мектеп тарапынан мемлекеттік қызметтердің көрсетілу барысы бойынша келесідей мәліметтер тіркелген:

- **Көрсетілген қызметтердің жалпы саны:** 0 (нөл).
- **Қызмет көрсету түрлері:** Есепте балаларды мектепке және балабақшаға қабылдау, үйден оқытуды ұйымдастыру, тегін тасымалдау, жеңілдікпен тамақтандыру, білім туралы құжаттардың телнұсқасын беру және педагогтарды аттестаттау сияқты 13 түрлі мемлекеттік қызмет түрі қамтылған.
- **Қызмет көрсету тәсілдері:** «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «электрондық үкімет» порталы (Egov.kz) және қағаз түріндегі өтініштер бойынша көрсеткіштер нөлге тең.
- **Сапалық көрсеткіштер:** Есепті кезеңде көрсетілген қызметтер бойынша ешқандай бас тартулар немесе негізсіз кешіктірулер тіркелмеген.

**Қорытынды:** 2025 жылдың ақпан айында мектеп бойынша мемлекеттік қызметтерге сұраныс болмауына байланысты, іс жүзінде қызмет көрсетілмеген. Құжат мектеп директорымен расталған және мекеме мөрімен бекітілген.

*Анықтама жазған Ш. Рамахан*

**«Ақмола облысы білім басқармасының  
Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі  
Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің  
мемлекеттік қызмет бойынша**

**АНЫҚТАМА**

**Мекеменің атауы:** «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімінің Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.


**Есепті кезең:** 2025 жылғы мамыр айы.

**Қызметтің мазмұны:**

Аталған кезеңде мектеп тарапынан мемлекеттік қызметтердің көрсетілу барысы бойынша келесідей мәліметтер тіркелген:

- **Көрсетілген қызметтердің жалпы саны:** 0 (нөл).
- **Қызмет көрсету түрлері:** Есепте балаларды мектепке және балабақшаға қабылдау, үйден оқытуды ұйымдастыру, тегін тасымалдау, жеңілдікпен тамақтандыру, білім туралы құжаттардың телнұсқасын беру және педагогтарды аттестаттау сияқты 15 түрлі мемлекеттік қызмет түрі қамтылған.
- **Қызмет көрсету тәсілдері:** «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «электрондық үкімет» порталы (Egov.kz) және қағаз түріндегі өтініштер бойынша көрсеткіштер нөлге тең.
- **Сапалық көрсеткіштер:** Есепті кезеңде көрсетілген қызметтер бойынша ешқандай бас тартулар немесе негізсіз кешіктірулер тіркелмеген.

**Қорытынды:** 2025 жылдың ақпан айында мектеп бойынша мемлекеттік қызметтерге сұраныс болмауына байланысты, іс жүзінде қызмет көрсетілмеген. Құжат мектеп директорымен расталған және мекеме мөрімен бекітілген.

*Анықтама жазған*  *А.Раматхали*

**«Ақмола облысы білім басқармасының  
Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі  
Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің  
қорытынды аттестаттауға дайындық жұмысы туралы  
АНЫҚТАМА**

**Тақырыбы:** Білім алушыларды қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстарының барысы туралы

**Күні:** 30.03.2026 ж.

**Мекеме:** Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі  
Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебінде білім алушылардың қорытынды аттестаттаудан өту сапасын арттыру және дайындық деңгейін пысықтау мақсатында келесі жұмыстар атқарылды:

**1. Емтихан кестелерінің дайындығы:**

- 5, 6, 7, 8 және 10-сынып білім алушыларына арналған қазақ тілі пәнінен емтихан өткізу кестесі толықтай әзірленді. Кесте бекітілген нормативтік талаптарға сай жасалып, білім алушылар мен ата-аналар назарына ұсынылды.

**2. Консультациялық жұмыстар:**

- 9 және 11-сынып білім алушыларын мемлекеттік қорытынды аттестаттауға (емтиханға) сапалы дайындау мақсатында арнайы консультация (кеңес беру) кестесі бекітілді. Кесте бойынша оқушыларға күрделі тақырыптарды талдау, тест тапсырмаларымен жұмыс істеу және шығарма/эссе жазу дағдыларын дамыту бойынша қосымша көмек көрсетіледі.

**3. Емтихан материалдарының әзірленуі:**

- Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері тарапынан емтихан материалдарын (билеттер, тест тапсырмалары, диктант/эссе тақырыптары) дайындау жұмыстары жүргізілуде. Барлық материалдар білім беру бағдарламасына және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес іріктелуде.
- Мұғалімдер әдістемелік нұсқаулықтар негізінде тапсырмалардың деңгейлік құрылымын және бағалау критерийлерін нақтылады.

**Қорытынды:**

Мектеп бойынша қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылуда. Емтихан алу процесінің ашықтығы мен сапасын қамтамасыз ету бағытындағы іс-шаралар бақылауға алынған.



**«Ақмола облысы білім басқармасының  
Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі  
Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық  
мемлекеттік мекемесіндегі 2025-2026 оқу жылының қорытынды  
аттестаттауы туралы  
АНЫҚТАМА**


**Шортанды кенті «16» маусым 2026 жыл**

Осы анықтама «Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Шортанды кентінің №3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де 2025-2026 оқу жылының қорытынды аттестаттауы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нормативтік-құқықтық актілеріне және бекітілген кестеге сәйкес өткенін растайды.

**Қорытынды аттестаттау барысы бойынша негізгі ақпарат:**

- **Нормативтік талаптар:** Қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген (өзгертулері мен толықтыруларымен) «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгілік қағидаларына» сәйкес ұйымдастырылды.
- **Уақытылы өтуі:** Емтихандар мектеп әкімшілігі бекіткен және тиісті органдармен келісілген кестеге сәйкес белгіленген мерзімде, ешқандай кешігусіз және ауытқусыз өткізілді.
- **Академиялық адалдық:** Емтихан материалдарын алу, сақтау және тасымалдау талаптары қатаң сақталды. Аттестаттау кезінде емтихан материалдарының жария етілу немесе олардың бұзылу фактілері орын алған жоқ.
- **Тәртіп:** Емтихан өткізу орындарында барлық санитарлық-гигиеналық және қауіпсіздік талаптары орындалды. Білім алушылардың емтихан тапсыру процесі бақылау комиссиясының қадағалауымен өтті.
- **Нәтижелер:** 9 (11) - сынып оқушылары қорытынды аттестаттауға толық қатыстырылды. Емтихан нәтижелері бекітілген хаттамалар бойынша рәсімделіп, тиісті құжаттарға (аттестаттарға) енгізілді.

Қорытынды аттестаттау кезеңінде мектеп бойынша ешқандай заң бұзушылықтар, техникалық ақаулар немесе кестенің бұзылу жағдайлары тіркелген жоқ.

*Анықтама жазған*  *А. Рамайтқы*